

Қостанай облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 27 маусымдағы № 38 шешімі мен Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 4 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 шілдеде № 6547 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және аудандық өкілді және атқарушы органдардың пікірін ескере отырып, Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Тұрғындарының саны 50 адамнан кем мына елді мекендер таратылсын:

Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округінің Талды ауылы;

Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің Есенкөл ауылы;

Қарабалық ауданы Қарабалық ауылдық округінің Березовское ауылы;

Қарабалық ауданы Славен ауылдық округінің Шеңгел ауылы;

Федоров ауданы Костряков ауылдық округінің Грачевка ауылы.

2. Таратылған елді мекендер енгізілсін:

Бөрлі ауылдық округінің Талды ауылы Қарабалық ауданы Бөрлі ауылдық округінің Тастыөзек ауылының құрамына;

Есенкөл ауылдық округінің Есенкөл ауылы Қарабалық ауданы Есенкөл ауылдық округінің Лесное ауылының құрамына;

Қарабалық ауылдық округінің Березовское ауылы Қарабалық ауданы Қарабалық ауылдық округінің Қособа ауылының құрамына;

Славен ауылдық округінің Шеңгел ауылы Қарабалық ауданы Славен ауылдық округінің Октябрьское ауылының құрамына;

Костряков ауылдық округінің Грачевка ауылы Федоров ауданы Костряков ауылдық округінің Курское ауылының құрамына.

3. Новошумный ауылдық округі Федоров ауданының Новошумное ауылы болып қайта құрылсын.

4. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

Сессия төрайымы

Қостанай облыстық

мәслихатының хатшысы

А. Мұхамбетов

Д. Қосмұхамбетова

С. Ещанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК